Актив ретінде танылғаннан кейін әділ құны сенімді бағалана алатын негізгі құрал объектісі қайта бағаланған құны бойынша есепке алынуға жатады, ол қайта бағаланған күнгі әділ құннан кейінгі жинақталған амортизация мен кейінгі жинақталған құнсызданудан болған залалдарды шегергендегі соманы білдіреді.

Қайта бағалау жүргізу жиілігі қайта бағаланатын негізгі құрал объектілерінің әділ құнының өзгеруіне байланысты. Егер қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан елеулі түрде өзгешеленсе, қосымша қайта бағалау жүргізілуі талап етіледі. Әділ құны шамалы өзгерістерге ұшырайтын негізгі құрал объектілері үшін Қоғамда қайта бағалау жүргізу қажеттілігі әрбір 5 жыл сайын ғана туындауы мүмкін.

Шамалы өзгерістерді айқындау үшін талдау көзі ретінде сату сайттары мен кәсіби пайымдау қызмет етеді.

Амортизация әдісі

Қоғам активтің пайдалы қызмет мерзімі ішінде тұрақты сомада амортизация есептеуден тұратын сызықтық әдісті қолданады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдері:

Активтің атауы	Жыл саны
Ғимараттар, үйлер	1-ден 40-қа дейін
Құрылыстар	1-ден 40-қа дейін
Беріліс құрылғылары	10,7-ден 40-қа дейін
Машиналар мен жабдықтар	3-тен 30-ға дейін
Көлік құралдары	10-нан 15-ке дейін
Өзге негізгі құралдар	5-тен 15-ке дейін

Активтің пайдалы қызмет мерзімі Қоғам үшін активтің болжамды пайдалылығына қарай айқындалады. Қоғамның саясаты активтерді белгілі бір уақыт өткеннен кейін немесе тиісті активте қамтылған болашақ экономикалық пайданың белгілі бір үлесі тұтынылғаннан кейін шығарып тастауды көздеуі мүмкін. Осылайша, активтің пайдалы қызмет мерзімі оның экономикалық қызмет мерзімінен қысқа болуы мүмкін. Активтің пайдалы қызмет мерзімін есептік бағалау Қоғамның ұқсас активтермен жұмыс істеу тәжірибесіне негізделген кәсіби пайымдауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір есептік күнде Қызмет мерзімі жөніндегі комиссия (Қоғам Басқармасы Төрағасының бұйрығымен бекітіледі) активтердің пайдалы қызмет мерзімдерін қайта қарауды жүзеге асырады.

Қоғамда активтер бойынша амортизация актив пайдалануға жарамды болған айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен бастап ай сайын есептеледі.

Әрбір кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы шығыс ретінде танылады және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

3.3 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерді (бұдан әрі – МЕА) есепке алу ҚЕХС (IAS) 38 «Материалдық емес активтер» сәйкес жүргізіледі.

МЕА-ны тану тек мына жағдайларда ғана жүзеге асырылады: егер осы активке қатысты болашақ экономикалық пайда Қоғамға түсу ықтималдығы болса және активтің құны сенімді бағалана алатын болса. МЕА сатып алынған кезде нақты шығындар бойынша (сатып алу бағасы және активті пайдалануға дайындау жөніндегі шығындар) көрсетіледі.

Қоғамның өзі жасаған МЕА-ның бастапқы құны МЕА тану критерийлерін алғаш рет қанағаттандырған күннен бастап жұмсалған шығындар сомасына тең.

Қоғамда МЕА есепке алудың бастапқы құны бойынша моделі қабылданған. Алғашқы танудан кейін МЕА жинақталған амортизация сомалары мен жинақталған құнсыздану залалдары шегерілген бастапқы құны бойынша есепке алынуы тиіс.

Қоғам активтің пайдалы қызмет мерзімі ішінде тұрақты сомада амортизация есептеуден тұратын сызықтық әдісті қолданады.

Әрбір қаржы жылының соңында Қызмет мерзімі жөніндегі комиссия шекті пайдалы қызмет мерзімі бар МЕА-ның амортизациясы мен пайдалы қызмет мерзімдерін қайта қарауды жүзеге асырады.

3.4. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу Қоғаммен ҚЕХС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» сәйкес жүзеге асырылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау төлемдерін алу мақсатында, немесе құнның өсімінен пайда алу мақсатында, не сол екеуі үшін ұсталатын (меншік иесі немесе қаржылық жалдау құқығындағы жалдаушы) жер, немесе ғимарат (не ғимараттың бір бөлігі), не сол екеуі де жатады, бірақ мыналар үшін емес:

- тауарларды өндіруде немесе жеткізуде, қызметтер көрсетуде не әкімшілік мақсаттарда пайдалану; немесе
- кәдімгі қызмет барысында сату.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда бастапқы құны бойынша бағаланады. Сатып алынған инвестициялық жылжымайтын мүліктің бастапқы құны оны сатып алу бағасын және оны сатып алуға тікелей байланысты кез келген шығындарды қамтиды.

Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құнында осындай мүлікке күнделікті қызмет көрсету жөніндегі шығындарды танымайды.

Алғашқы танудан кейін Қоғамның инвестициялық мүлкін есепке алу әділ құн бойынша есепке алу моделіне сәйкес жүргізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгеруінен түскен пайда немесе залал олар пайда болған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында танылуға жатады.

Әділ құн Қоғаммен нарықтық деректер негізінде кәсіби бағалаушылар жүргізген бағалау арқылы айқындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану ол шығарып тасталған кезде немесе осы инвестициялық жылжымайтын мүлік түпкілікті пайдаланудан тоқтатылған және оны шығарып тастаудан ешқандай болашақ экономикалық пайда күтілмеген кезде тоқтатылады.

3.5 Жалдау

Жалдауды есепке алу ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалдау» сәйкес жүзеге асырылады.

Шарт немесе оның жекелеген құрамдас бөліктері, егер осы шарт бойынша сыйақыға белгілі бір мерзім ішінде айқындалған активті пайдалануды бақылау құқығы берілсе, жалдау шарты болып табылады.

Бастапқы бағалау

Жалдау басталған күні жалдаушы пайдалану құқығындағы активті және жалдау бойынша міндеттемені таниды.

Пайда мен залал туралы есепте ескерілетін жалдау бойынша жалпы шығыстар: амортизация, сыйақы болып табылады.

Жалдау бойынша міндеттеме (жалдау басталған күні) осы күнге дейін жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің (болашақ жалдау төлемдерінің) келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалдау төлемдері жалдау шартында көзделген сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталуы тиіс. Егер мұндай мөлшерлеме оңай айқындалмаса, жалдаушының қосымша қарыз қаражаттарын тарту мөлшерлемесі пайдаланылады.

Кейінгі бағалау

Жалдау басталған күннен кейін жалдаушы пайдалану құқығындағы активті қайта бағалау моделі бойынша есепке алынатын негізгі құралдар топтарына қатысты ҚЕХС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» сәйкес қайта бағаланған құны бойынша бағаланатын активтерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша есепке алу моделін қолдана отырып бағалауы тиіс.

Жалдаушыдағы операциялық жалдауды есепке алу

Жалдаушы операциялық жалдауға берілген активтерді осындай активтердің түріне қарай өзінің бухгалтерлік балансында негізгі құралдар немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік шоттарында көрсетуі тиіс.

Операциялық жалдаудан түскен кіріс жалдаушының пайда мен залал туралы есебінде кіріс құрамында жалдау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен көрсетілуі тиіс, егер пайдаланушының пайда алу кестесін неғұрлым тиісті түрде көрсететін өзге жүйелі тәсіл қамтамасыз етілмесе.

Жалдаудан түсетін кіріс алу кезінде жұмсалған шығындар, оның ішінде амортизация жөніндегі шығындар шығыс ретінде танылады.

Жалдаушыдағы қаржылық жалдауды есепке алу

Жалдау басталған күні жалдаушы өзінің қаржылық жағдай туралы есебінде қаржылық жалдаудағы активтерді таниды және оларды жалдау бойынша таза инвестицияға тең сомада дебиторлық берешек ретінде ұсынады.

Жалдау бойынша таза инвестицияны бағалау үшін жалдау шартында көзделген сыйақы мөлшерлемесі қолданылады. Бастапқы тікелей шығындар жалдау бойынша таза инвестицияны бастапқы бағалауға қосылады және жалдау мерзімі ішінде танылатын кіріс сомасын азайтады.

Кейінгі бағалау

Жалдаушы жалдау мерзімі ішінде жалдаушының жалдау бойынша таза инвестициясы бойынша тұрақты мерзімді кірістілік нормасын көрсететін кесте негізінде қаржылық кірісті таниды. Қаржылық кіріс жүйелі және ұтымды тәсілді пайдалана отырып, бүкіл жалдау мерзіміне бөлінеді. Кезең ішіндегі жалдау төлемдері жалдау бойынша жалпы инвестицияны азайтуға жатқызылады, негізгі қарыз сомасын да, алынбаған қаржылық кірісті де азайтады. Жалдау бойынша таза инвестицияға ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» көзделген тануды тоқтату және құнсыздануға қойылатын талаптар қолданылады.

3.6 Қаржы құралдары

Қоғам қаржы құралдарының есебін ҚЕХС (IAS) 32 «Қаржы құралдары: Ұсыным», ҚЕХС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: Ақпаратты ашу», ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» талаптарына сәйкес жүргізеді.

Қаржы инвестицияларын алғашқы тану

Қаржы активін немесе қаржы міндеттемесін алғашқы тану кезінде қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі әділ құн бойынша, ал егер қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі әділ құн арқылы пайда немесе залал бойынша есепке алынбайтын болса, осындай қаржы активін немесе қаржы міндеттемесін сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар қосылған сомада өлшенеді. Әділ құн арқылы пайда немесе залал бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша мәміле бойынша шығындар пайда немесе залал туралы есепте шығыстарға есептен шығарылады. Алғашқы

тану кезінде Қоғам амортизацияланған құн бойынша және әділ құн арқылы өзге де жиынтық кіріс бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды да таниды.

Қаржы активтері

Қоғам қаржы активтерін келесі бағалау санаттары бойынша жіктейді:

- амортизацияланған құн бойынша,
- әділ құн арқылы өзге де жиынтық кіріс (ӘҚӨЖК) бойынша, және
- әділ құн арқылы пайда немесе залал туралы есеп (ӘҚПЗЕ) бойынша.

Алғашқы тану кезінде қаржы активі бағалау санаттарының біріне жіктеледі.

Әділ құн арқылы пайда немесе залал туралы есеп (ӘҚПЗЕ) бойынша есепке алынатын қаржы активтері

Қаржы активі төмендегі жағдайларда ӘҚПЗЕ бойынша жіктеледі және бағаланады:

- қаржы активі сауда-саттыққа арналған болса;
- қарыздық құрал амортизацияланған құн немесе ӘҚӨЖК бойынша бағалауға жатпайтын болса;
- ӘҚӨЖК бойынша жіктеу үшін таңдалмаған үлестік құралдарға инвестициялар;
- кейіннен қайта жіктеу құқығынсыз әділ құн бойынша бағалауды қолдана отырып ӘҚПЗЕ бойынша бағаланатын қаржы активі.

Әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы құралдарын *алғашқы тану кезінде* олар әділ құн бойынша танылады.

Кейінгі бағалау мақсаттары үшін әрбір есептік күнде және шығарып тастау күнінде осы санаттағы қаржы құралдары қайта бағалауды қаржылық нәтижелерге жатқыза отырып, әділ құн бойынша есепке алынады.

Хеджирлеу құралдары болып табылмайтын әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруінен түскен пайда немесе залал ағымдағы кезеңнің пайдасы мен залалында көрсетіледі. Бағалы қағаздарды әділ құн бойынша қайта бағалау мақсаттары үшін Қазақстан қор биржасы есептеген нарықтық бағамдар қолданылады.

Осы санаттағы бағалы қағаздар бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген сыйақылық кірістер жиынтық кіріс туралы есепте сыйақылық кірістердің құрамында көрсетіледі.

Дивидендтер дивидендтер бойынша кіріс ретінде Қоғамның тиісті төлемдерді алуға құқығы белгіленген кезде және дивидендтерді алу ықтималдығы болған жағдайда өзге де операциялық кірістердің құрамында көрсетіледі.

Әділ құнның өзгеруінің барлық өзге де құрамдас бөліктері, сондай-ақ тануды тоқтату жөніндегі кірістер немесе шығыстар пайда немесе залал туралы есепте әділ құн арқылы пайда немесе залал бойынша қаржы құралдарымен операциялар бойынша кірістерден шығыстарды шегергенде олар пайда болған кезеңде көрсетіледі.

Әділ құн арқылы өзге де жиынтық кіріс (ӘҚӨЖК) бойынша бағаланатын қаржы активтері

Қаржы активі төмендегі шарттар сақталған жағдайда әділ құн арқылы өзге де жиынтық кіріс бойынша есепке алынады:

- қаржы активі бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі, және
- қаржы активінің шарттық талаптары белгіленген күндерде негізгі қарыз сомасы мен негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне сыйақы төлемдері ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды көздейді.

ӘҚӨЖК санатына енгізілген қаржы активтері бастапқыда танылады және кейіннен әділ құн бойынша бағаланады.

Инвестициялық кезең өтеу мерзімінен қысқа болуы мүмкін мемлекеттік облигацияларға инвестициялар SPPI тестінен өту және бизнес-модель «шарттық ақша ағындарын алу және сату үшін ұстау» ретінде айқындалған жағдайда ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес ӘҚӨЖК бойынша жіктелуі және есепке алынуы мүмкін.

ӘҚӨЖК ретінде жіктелген қарыздық қаржы құралдары келесідей есепке алынады:

- сыйақылық кіріс амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтеріне қолданылатын әдіске ұқсас тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, пайда мен залалда танылады;
- құнсыздану бойынша залалдар / қалпына келтірілген залалдар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері үшін қолданылатын кредиттік тәуекелді бағалаудың сол әдіснамасын пайдалана отырып, пайда немесе залал құрамында танылады;
- әділ құн бойынша қайта бағалау кезінде баланстық құнның өзге де өзгерістері ӘЖК құрамында танылады;
- ӘЖК-де танылған әділ құн бойынша қайта бағалаудан жинақталған пайда немесе залал тиісті қаржы активін тану тоқтатылған кезде ӘЖК-ден пайда немесе залалға аударылады.

Үлестік құралдарға инвестициялар әділ құн бойынша бағаланады. Әділ құндағы барлық өзгерістер пайда мен залал туралы есепте көрсетіледі.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Қаржы активі кейіннен амортизацияланған құн бойынша есепке алынуға тиіс, егер төмендегі шарттар сақталса:

- қаржы активі шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында қаржы активтерін ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады, және
- қаржы активінің шарттық талаптары белгіленген күндерде негізгі қарыз сомасы мен негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне сыйақы төлемдері ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды көздейді (SPPI).

Осы санатқа енгізілген қаржы активтері бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және кейіннен амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша амортизацияланған құн бойынша жіктелуі және кейіннен есепке алынуы мүмкін қаржы құралдары:

- дебиторлық берешек;
- сауда-саттыққа арналмаған мемлекеттік облигацияларға инвестициялар;
- мерзімді депозиттерге инвестициялар.

Алғашқы тану.

Қаржы есептілігінде алғашқы тану кезінде бұл активтер активті шығару немесе алу бойынша мәмілені жасауға байланысты қосымша шығындарды ескере отырып, әділ құн бойынша бағаланады.

Кейінгі бағалау.

Амортизацияланған құн бойынша қаржы активтері тиімді сыйақы мөлшерлемесін қолдана отырып, амортизацияланған құн сомасында есепте көрсетіледі. Алайда, егер дисконттау әсері шамалы болса, олар бастапқы құны бойынша көрсетілуі мүмкін.

Бастапқы құн мен өтеу бағасы арасындағы айырманың амортизациясын есептеу тиімді сыйақы мөлшерлемесін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланған кезде активтің баланстық құны бастапқы құннан және бастапқы құн мен өтеу кезіндегі құн арасындағы айырманың амортизацияланған (танылған) бөлігінен құралады.

Бастапқы құн мен өтеу бағасы арасындағы айырманың бөлігін ағымдағы кезеңде тану қаржы активтері үшін қаржыландыру жөніндегі кірістерді есепке алу шоттарымен корреспонденцияда активтің баланстық құнының ұлғаюы ретінде көрсетіледі.

Шарттар бойынша сыйақыларды есептеу тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі бойынша ай сайын жүргізіледі.

Орналастырылған салымдар

Қоғаммен қаржы активтері ретінде амортизацияланған құн бойынша жіктелген орналастырылған салымдар тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі негізінде амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Салымдар бойынша сыйақыны есептеу және оны есепте көрсету жасалған шарттардың талаптарына сәйкес есептеу әдісіне сәйкес ай сайын жүргізіледі.

Есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы орналастырылған салымдардың амортизацияланған құнының бөлігі болып табылады.

Берілген қарыздар

Бұл санатқа белсенді нарықта бағамдалмайтын, тіркелген немесе айқындалған төлемдері бар туынды емес қаржы активтері жатады.

Қоғам Қоғам қызметкерлеріне қарыздар береді. Алғашқы танудан кейін қарыздар, атап айтқанда туынды емес қаржы активтері (қызметкерлерге берілген қарыздар) тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша өлшенеді.

Берілген қарыздардың амортизацияланған құнын есептеу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесін қолданады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қоғам амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын барлық қаржы активтері және әділ құн арқылы өзге де жиынтық кіріс бойынша есепке алынатын қарыздық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін таниды. Резерв осындай залалдар бойынша әрбір есептік күнде танылады.

Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемелері келесідей жіктеледі:

- амортизацияланған құн бойынша қаржы міндеттемелері; немесе
- әділ құн арқылы пайда немесе залал бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері.

Алғашқы танудан кейін қаржы міндеттемелері тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Қаржы құралына немесе оның құрамдас бөлігіне қатысты сыйақылар, дивидендтер, залалдар мен пайдалар қаржы міндеттемесі ретінде жіктелген жағдайда пайда мен залал шотында шығыстар немесе кірістер ретінде танылады.

Қарыздар және кредиторлық берешек

Қарыздар алғашқы танудан кейін тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі бойынша мәміле бойынша шығындар шегерілген амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Амортизацияланған құн қарыздар алуға байланысты кез келген шығындарды, сондай-ақ қарыздарды өтеуге байланысты жеңілдіктерді немесе үстемелерді ескере отырып есептеледі.

Қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі, егер Қоғамның төлемді есептік күннен кейін кемінде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса

Қарызды нарықтық емес жағдайларда алған кезде Қоғам кредитор байланысты емес тарап болған жағдайда алғашқы танудан түскен кірісті жылдағы пайда мен залал туралы есепте қаржылық кіріс ретінде немесе кредитор Қоғамның иесі болған жағдайда капиталға қосымша салым ретінде капиталда көрсетеді.

Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға дәйекті түрде қолданылады және қаржы есептілігінде ашылады.

Саудалық кредиторлық берешек алғашқы танудан кейін тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Кірістер мен шығыстар қарыздар мен кредиторлық берешекті тану тоқтатылған немесе олардың құнсыздануы танылған кезде, сондай-ақ амортизация процесі барысында кезеңнің пайдасы немесе залалында қаржыландыру жөніндегі кірістер мен шығыстардың құрамында танылады.

Қаржы активі мен қаржы міндеттемесін тануды тоқтату

Қоғам қаржы активін тануды мына жағдайларда тоқтатады: осы қаржы активі бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталған кезде; немесе ол қаржы активін береді, және бұл беру тануды тоқтату талаптарын қанағаттандырады.

Қаржы активін берудің қажетті шарты қаржы активін иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақылардың іс жүзінде берілуі болып табылады.

Қаржы активін толық көлемде тану тоқтатылған кезде баланстық құн мен алынған өтемақы сомасы (алынған жаңа активтерді шегергендегі жаңа қабылданған міндеттемелерді қоса алғанда) және меншікті капиталда тікелей танылған жинақталған кіріс немесе залал арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Қаржы міндеттемесі Қоғам мына жағдайлардың бірін жүзеге асырған кезде өтеледі:

- міндеттемені (немесе оның бөлігін) орындайды (кредитормен есеп айырыса отырып, бұл ретте әдетте ақша қаражаттары, өзге де қаржы активтері, тауарлар немесе қызметтер пайдаланылады); немесе
- міндеттемені (немесе оның бөлігін) орындамаудың бастапқы жауапкершілігінен не сот тәртібімен, не кредитордың өзі арқылы заңды негізде босатылады.

3.7 Дебиторлық берешек

Қаржы есептілігі мақсаттары үшін Қоғамның дебиторлық берешегі қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Қысқа мерзімді дебиторлық берешек бір жыл ішінде немесе ағымдағы операциялық цикл ішінде алынады деп есептеледі, олардың қайсысы ұзағырақ болса, сол бойынша. Барлық өзге дебиторлық берешек ұзақ мерзімді болып жіктеледі.

Саудалық дебиторлық берешек орындалған жұмыстардың актілерімен расталады және әдетте Қоғам иелігіндегі дебиторлық берешектің ең елеулі түрі болып табылады.

Саудалық дебиторлық берешек тек онымен байланысты кіріс танылған кезде ғана танылады. Кіріс және онымен байланысты дебиторлық берешек Қоғаммен оның өтелу ықтималдығы болған жағдайда ғана көрсетіледі.

Қаржы есептілігінде дебиторлық берешек күдікті берешектерге түзетулерді, ақшалай жеңілдіктерді шегергендегі бастапқы құны бойынша бағаланады. Осының нәтижесінде алынатын шоттардың таза құны айқындалады.

Егер дебиторлық берешек ұзақ мерзімді болса, онда ол қаржы есептілігінде тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін немесе ауыстырымды дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағалануы және танылуы тиіс. Амортизацияланған құн нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған күтілетін болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын білдіреді. Берешектің бастапқы сомасы мен оның дисконтталған құны арасындағы айырма тиісті шоттарда есепке алынуға жататын амортизация сомасын білдіреді. Көрсетілген амортизация сомасы берешектің сомасына, өтеу

мерзіміне және тиімді сыйақы мөлшерлемесіне қарай берешекті өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын қаржылық кірістерді есепке алу шоттарына есептен шығарылуға жатады

Дебиторлық берешектің құнсыздануы

Тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген дебиторлық берешек күдікті деп танылады. Күдікті дебиторлық берешек бойынша залалдар өткізу орын алған есептік кезеңде танылады. Күдікті берешектер бойынша резерв есептік жылдың соңында саудалық дебиторлық берешекті түгендеу нәтижелері негізінде келісілмеген дебиторлық берешек сомасын, үмітсіз берешектерді және ескіру мерзімі өткен дебиторлық берешекті көрсете отырып құрылады.

Күдікті берешектер бойынша бағалау резервтерінің матрицасы:

Кешіктірілген күндер саны	Резерв мөлшерлемесі
180 - 365 күн	50%
Более 365 күн	100%

Үмітсіз берешектерді есептен шығару

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ескіру мерзімі өткен не соттың талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуы салдарынан не борышкердің төлем қабілетсіздігі (банкроттығы) салдарынан не Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларына сәйкес берешекті үмітсіз деп тануға мүмкіндік беретін өзге де мән-жайлар салдарынан алу мүмкін емес деп танылған берешек үмітсіз деп танылады.

Дебиторлармен есеп айырысуларды түгендеу нәтижелері бойынша үмітсіз берешек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есептен шығарылуға жатады. Үмітсіз деп танылған дебиторлық берешекті есептен шығару бұрын құрылған құнсыздану бойынша резерв есебінен жүргізіледі.

3.8 Кредиторлық берешек

Қаржы есептілігі мақсаттары үшін берешек Қоғаммен қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Қысқа мерзімді берешек есептік күннен кейін он екі ай ішінде алынады (өтеледі) немесе төленеді (өтеледі) деп есептеледі. Барлық өзге берешек ұзақ мерзімді болып жіктеледі.

Егер кредиторлық берешек ұзақ мерзімді болса, онда ол қаржы есептілігінде тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады және танылады.

3.9 Қорлар

Қорларды есепке алу Қоғаммен ҚЕХС (IAS) 2 «Қорлар» сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам қорларды сатып алу, пайдалану және сату жүзеге асырылған сайын қорлардың саны мен өзіндік құны бойынша үздіксіз есеп жүргізетін қорларды *үздіксіз есепке алу* жүйесін қолданады.

Қорлар есепте тек осы актив бойынша болашақта экономикалық және әлеуметтік пайда алу ықтималдығы болған және есеп объектісін сатып алу немесе өндіру бойынша нақты шығындарды бағалау мүмкіндігі болған жағдайда ғана танылады.

Қоғам қорлардың өзіндік құнын «ФИФО» әдісін, яғни «бірінші түскен – бірінші шығарылады» әдісін пайдалана отырып айқындайды, бұл кезде бірінші кезекте бірінші болып сатып алынған немесе өндірілген қорлардың құнын есептен шығару көзделеді.

Қоғам қорларды екі шаманың – нақты өзіндік құн мен таза ықтимал өткізу құнының ең төменгісі бойынша бағалайды.

Барлық қорлар тәуекелдер мен пайдалар осы қорларға ауысқан сәтте есепте көрсетіледі.

Ақшалай емес қаражаттармен алынған қорларды есепке алу ерекшеліктері

Қорлар сыйға тарту шарты бойынша немесе өтеусіз алынған кезде өзіндік құн әділ құн бойынша айқындалады.

Негізгі құралдар мен өзге мүлікті шығарып тастаудан қалған, сондай-ақ түгендеу нәтижесінде анықталған қорлар алынған кезде нақты өзіндік құн оларды бухгалтерлік есепке қабылдаған күнгі нарықтық құнынан сату үшін жұмсалуды қажетті болжамды шығындарды шегергендегі сома негізінде айқындалады.

Мұндай қорлардың әділ құнын Қоғам кәсіби бағалаушылар жүргізген бағалау арқылы нарықтық деректер негізінде айқындауға құқылы.

3.10 Капитал

Капитал – болашақта міндетті түрде өтелуге жатпайтын пассивтер. Капитал Қоғам мүлкінің міндеттемелермен ауыртпалық түсірілмеген бөлігінің шамасын көрсетеді, яғни капитал – Қоғам активтерінде оның барлық міндеттемелері шегерілгеннен кейін қалатын үлес. Капитал – пайда алу үшін пайдаланылатын тауарлардың, мүліктің, активтердің жиынтығы.

Капитал жарғылық капиталдан, эмиссиялық кірістен, инвестицияларды қайта бағалау резервінен, резервтік капиталдан және бөлінбеген пайдадан (жабылмаған залалдан) тұрады.

Жарғылық капитал құрылтайшылардың жарғылық капиталға жарналары бойынша берешегі шегерілген және акционерден сатып алынған меншікті акциялардың номиналды құны шегерілген акциялардың номиналды құнынан тұрады.

Эмиссиялық кіріс – кәсіпорын акцияларының сату және номиналды құны арасындағы айырма.

Бөлінбеген кіріс (жабылмаған залал)

Бөлінбеген пайда – Қоғамда барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін қалатын және әлі дивидендтер нысанында бөлінбеген қаржылық қаражаттардың шамасы.

Таза пайданың Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның иелігінде қалатын бөлігі Қоғамның Дивидендтік саясатына сәйкес Қоғамның тиісті органының шешімі бойынша өзге де мақсаттарды орындауға бағытталуы мүмкін.

3.11 Қарыздар

Қоғам қарыздар бойынша шығындардың есебін ҚЕХС (IAS) 23 «Қарыздар бойынша шығындар» сәйкес жүргізеді.

Қарыздар бойынша шығындар – Қоғамның қарыз қаражаттарын алуға байланысты жұмсаған сыйақылық және өзге де шығыстар. Олар мыналарды қамтуы мүмкін:

- тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін немесе ауыстырымды дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып есептелетін сыйақылық шығыстар;
- қаржылық жалдауға байланысты қаржылық шығындар;
- шетел валютасында қарыздар тарту нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар, олар сыйақы төлеу жөніндегі шығындарға түзету ретінде қарастырылатын дәрежеде.

Алынған қарыздар бойынша сыйақыны есептеу олар алынған сәттен бастап төлем мерзімі келгенге дейін ай сайын жүргізіледі. Қарыздар бойынша сыйақыны есептеу кезінде жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылдағы және айдағы күндер саны ескеріледі.

Қоғамның қарыздар бойынша шығындарды есепке алуы қарыздар бойынша шығындар капиталдандырылатын бөлігін қоспағанда, олар жұмсалған кезеңнің шығыстары ретінде танылуы тиіс екенін көздейді

Квалификацияланатын активті сатып алуға, құрылысын салуға немесе өндіруге тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар осы активтің құнына қосу арқылы капиталдандырылуы тиіс.

Қарыздар бойынша шығындарды капиталдандыру белгілі бір талаптарға сай активті мақсаты бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті жұмыстардың барлығы дерлік аяқталған кезде тоқтатылуы тиіс.

3.12 Бағалау резервтері, шартты міндеттемелер, шартты активтер

Бағалау резерві, егер Қоғамның өткен оқиғаларға байланысты туындаған экономикалық пайданы беру жөніндегі ағымдағы заңды немесе нақты міндеттемесі болса және міндеттемелерді өтеу экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуіне әкеп соғуы ықтимал болса және міндеттеме сомасы сенімді бағалана алатын болса, танылуға жатады. Егер көрсетілген шарттар орындалмаса, бағалау резервтері құрылмайды.

Бағалау міндеттемесінің сомасын есептеу басшылықтың ұқсас операциялар бойынша тәжірибесін ескере отырып, кәсіби пайымдауы негізінде және кейбір жағдайларда тәуелсіз сарапшылардың қорытындысы бойынша орындалады. Есептеулер үшін қосымша негіздемелер ретінде есептік күннен кейін болған оқиғалар қызмет ете алады.

Бағалау міндеттемесінің мөлшері залалдардың ықтималдық дәрежесіне байланысты. Қоғам болашақ операциялық залалдар бойынша резервтер құрмайды.

Шартты міндеттемелер

Қоғам шартты міндеттемелерді танымайды және бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетпейді.

Шартты активтер

Шартты активтер әдетте Қоғамға экономикалық пайданың түсу мүмкіндігін тудыратын жоспарланбаған немесе күтпеген оқиғалардан туындайды. Шартты активтің мысалы ретінде Қоғамның контрагентке қарсы қойған талабы және осы сот ісі бойынша ұтып шығу ықтималдығы 10%-дан астамды құрайтын жағдай бола алады.

3.13 Қызметкерлерге төленетін сыйақылар

Қызметкерлерге төленетін сыйақыларды есепке алу ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге төленетін сыйақылар» сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғам Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қоғамның Ұжымдық шартын, Қоғамның Ұйымдық құрылымын, Қоғамның Штаттық кестесін, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының бірыңғай тарифтік торын басшылыққа алады.

Қысқа мерзімді қызметкерлерге төленетін сыйақылар – қызметкерлер тиісті қызметтер көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде толық көлемде төленуге жататын қызметкерлерге төленетін сыйақылар.

Қысқа мерзімді сыйақыларға жалақы, ағымдағы әлеуметтік бағдарламалар, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы және ақылы сырқаттану демалысы (еңбекке жарамсыздық парағы), пайдаға қатысу және сыйлықақылар (егер олар кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде төленсе), сондай-ақ қазіргі уақытта жұмыс

істейтін қызметкерлерге арналған ақшалай емес нысандағы жеңілдіктер (медициналық қызмет көрсету, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б.) жатады.

Өзге ұзақ мерзімді қызметкерлерге төленетін сыйақылар – қысқа мерзімді қызметкерлерге төленетін сыйақылар мен шығу жәрдемақыларынан басқа қызметкерлерге төленетін сыйақылардың барлық түрлері.

Қоғам жинақталатын ақылы еңбек демалыстарына төлеуге күтілетін шығындарды (резерв есептейді) қызметкерлерге төлеу болжанып отырған қосымша сомалар ретінде бағалайды.

3.14 Корпоративтік табыс салығы (КТС)

Табыс салығы салық салынатын табыс негізінде есептелетін ағымдағы корпоративтік табыс салығын және кейінге қалдырылған табыс салығын қамтиды.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі салық салынатын табыс немесе залал бойынша мемлекеттік бюджеттен төленуі немесе өтелуі болжанған соманы білдіреді.

КТС есепке алу, ағымдағы және болашақ салықтық салдарларды есепке алу тәртібі Қоғамда ҚЕХС (IAS) 12 «Табыс салықтары» сәйкес реттеледі.

Кейінге қалдырылған салықты тану

Активтің баланстық құны оның салықтық базасынан асып түскен кезде салық салынатын экономикалық пайданың сомасы салық салу мақсаттары үшін шегерілуіне рұқсат етілген шамадан асып түседі. Бұл айырма салық салынатын уақытша айырма болып табылады, ал болашақ кезеңдерде туындайтын табыс салықтарын төлеу жөніндегі міндеттеме кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме болып табылады. Қоғам активтің баланстық құнын өтеген сайын салық салынатын уақытша айырма қалпына келтіріледі және Қоғамда салық салынатын табыс пайда болады. Бұл экономикалық пайданың салық төлемдері нысанында Қоғамнан кетуі ықтималдығын тудырады.

Кейінге қалдырылған активтерді/міндеттемелерді тану әрбір баланс жасалған күнде қайта қаралады.

Кейінге қалдырылған активтер/міндеттемелер актив іске асырылған немесе міндеттеме өтелген кезде қолданылатын мөлшерлемелер бойынша есептеледі, салық заңнамасына негізделеді, дисконттау жүргізілмейді.

Уақытша айырмалардың пайда болуы мен жойылуы бірнеше есептік кезеңдер ішінде орын алуы мүмкін. Уақытша айырмалардың әсерін көрсету әдісі өзгеруі мүмкін.

Кейінге қалдырылған салықтық актив болашақ кезеңдерге аударылған пайдаланылмаған салықтық залалдарға қатысты, егер пайдаланылмаған салықтық залалдарды жүзеге асыруға болатын болашақта салық салынатын табыс алу ықтималдығы болған дәрежеде танылады.

Пайдаланылмаған салықтық залалдарды немесе пайдаланылмаған салықтық кредиттерді жүзеге асыруға болатын салық салынатын табыс алу ықтималдығы болмаған дәрежеде кейінге қалдырылған салықтық актив танылмайды.

3.15 Кірістер

Кірістерді есепке алу ҚЕХС (IFRS) 15 «Тұтынушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам уәде етілген қызметтерді немесе тауарларды тұтынушыларға беруді көрсету үшін кірісті тауарлар немесе қызметтер үшін айырбасқа Қоғам құқығына ие болуы күтілетін сыйақыға сәйкес келетін сомада таниды.

Қоғам шарттың талаптарын және барлық тиісті фактілер мен мән-жайларды талдай отырып, түсімді тану бойынша келесі 5 принципті ұстанады:

1-қадам. Тұтынушымен тиісті шартты айқындау

2-қадам. Шарт бойынша жеке орындалу міндеттемелерін айқындау

3-қадам. Операция бағасын айқындау

4-қадам. Операция бағасын бөлу

5-қадам. Шарт бойынша орындалу міндеттемесі орындалған сәтте (немесе орындалу барысында) түсімді тану

Қоғам тұтынушымен шарт жасасуға қосымша шығындарды актив ретінде таниды, егер ол олардың он екі айдан астам мерзім ішінде өтелуін күтсе.

Қоғам шарт жасасуға қосымша шығындарды, егер Қоғам танымаған активтің амортизация мерзімі он екі айдан аспаса, олар пайда болған кезде шығыстар ретінде тануы мүмкін.

Транспондер сыйымдылығын жалға беруден түсетін кіріс Қазақстан Республикасы операторларынан алынған немесе алынуға тиіс өткізу құны бойынша бағаланады.

Қазақстан Республикасы операторларына транспондерлерді жалға беру жөніндегі қызметтер үшін кіріс сомасы Тарифтік саясатқа және Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген Тарифтерді есептеу әдістемесіне сәйкес қалыптастырылған тарифтер негізінде айқындалады және келесі шарттар сақталған кезде танылады:

- транспондерлерді жалға беру жөніндегі мәміленің аяқталу сатысы әрбір айдың есептік күндері бойынша барынша сенімділік дәрежесімен айқындалады;

- транспондерлерді ұсыну жөніндегі қызметтер бойынша мәмілені жүргізу кезінде жұмсалған шығыстар және мәмілені аяқтау үшін қажетті шығыстар барынша сенімділік дәрежесімен бағаланады.

Қызметтер көрсетуден түсетін кіріс есептік күндегі мәміленің аяқталу сатысы бойынша танылады. Транспондерлерді ұсыну жөніндегі мәміленің аяқталу сатысы айқындалатын есептік күн әрбір айдың соңғы күні болып табылады.

Өзге кірістер мәмілеге байланысты экономикалық пайданың Қоғамға түсу ықтималдығы болған және кіріс сомасы сенімді бағалана алатын кезде танылады.

3.16 Шығыстар

Шығыстар өткізуден түсетін кірісті алу үшін қажетті шығыстарды (өзіндік құнға енгізілетін шығыстар), әкімшілік шығыстарды, өткізу жөніндегі шығыстарды, Қоғамның кәдімгі қызметі барысында туындайтын қаржылық және өзге де шығыстарды (залалдарды) қамтиды.

Шығыстар бухгалтерлік есепте келесі шарттар орындалған кезде танылады:

- шығыс сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін;

- егер активтің азаюына немесе міндеттемелердің ұлғаюына байланысты болашақта экономикалық пайданың азаюы орын алса.

Шығыстарды тану ақша қаражаттарын нақты төлеу және жүзеге асырудың өзге нысаны уақытына қарамастан, осы шығыстар жұмсалған кірістер танылатын сол кезеңде немесе осы шығыстар қандай да бір кіріс алуға әкеп соқпайтыны айқын болған кезде жүргізілуі тиіс. Мұндай тану бірдей операциялардан немесе өзге де оқиғалардан тікелей және бірлесіп туындайтын кірістер мен шығыстарды бір уақытта тануды көздейді.

Шығыс сондай-ақ активті танусыз міндеттеме туындаған жағдайларда да танылады. Шығыстар олардың салық салынатын базаны есептеу мақсаттары үшін қалай қабылданатынына қарамастан танылады. Жыл соңында кезең шығыстары қорытынды нәтижеге есептен шығарылады және кейінгі кезендерге аударылмайды.

3.17 Байланысты тараптар

Қаржы есептілігінде Қоғам байланысты тараптар арасындағы операциялар туралы ақпаратты ҚЕХС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» талаптарына сәйкес ашады.

Байланысты тараптарға Қоғамның Жалғыз акционері, негізгі басқарушы персонал және дауыс беретін акциялардың елеулі үлесі тікелей немесе жанама түрде Жалғыз акционерге немесе Қоғамның негізгі басқарушы персоналына тиесілі ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын ұйымдар жатады.

Қаржы есептілігін пайдаланушылар байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ықпалы туралы пікір қалыптастыра алуы үшін Қоғамда байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы ақпарат, егер бақылау болған жағдайларда, осы байланысты тараптар арасында операциялар жүзеге асырылғанына қарамастан ашылады.

3.18 Есептік күннен кейінгі оқиғалар

Есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған, қаржы есептілігін дайындау күнінде болған жағдайлардың дәлелі болып табылатын оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржы есептілігінде көрсетіледі. Есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болса, есептілікке қосымша ақпаратта ашылады.

Есепті күннен кейінгі, түзету оқиғасы болып табылмайтын оқиға - KazSat 2 спутнигінің пайдалы қызмет мерзімінің 2026 жылдың соңында аяқталуы, содан кейін оның кәдеге жарату орбитасына шығарылуы. Спутникті пайдаланудан шығару 2027 жылдың екінші тоқсанында басталады деп жоспарлануда.

4. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары (теңге) төмендегідей ұсынылған:

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаттары	4 774 948	649 374
Овернайт шоттардағы ақша қаражаттары	30 850 560	-
Ақша қаражаттарының құнсыздануынан залалдар бойынша бағалау резерві	(79 387)	-
Барлығы	35 546 121	649 374

Төмендегі кестелерде, егер өзгеше көрсетілмесе, есептік күндегі екінші деңгейдегі банктердегі қаржы активтерінің қалдықтары «Standard&Poor's», Fitch және Moody's кредиттік рейтингтерін пайдалана отырып көрсетілген.

(мың теңгемен)	Агенттік	Рейтинг 2025 жыл	31.12.2025ж	31.12.2024ж
АО «Исламский банк» Заман-банк KZT	Standard&Poor's	CCC+/ Тұрақты	155	39 772
АО "ForteBank" KZT	Fitch	BB/ Тұрақты	1 520 306	518 959
АО «Народный банк Казахстана» KZT	Standard&Poor's	BBB-/ Тұрақты	3 228 355	69 898
АО «БанкЦентрКредит» KZT	Standard&Poor's	BB/ Позитивті	261	86
АО «ForteBank» (Транзит) USD	Fitch	BB/ Тұрақты	25 871	20 660
АО «ForteBank» (овернайт)	Fitch	BB/ Тұрақты	10 283 360	-
АО «Народный банк Казахстана» (овернайт)	Standard&Poor's	BBB-/ Тұрақты	10 283 310	-
АО БанкЦентрКредит(овернайт)	Standard&Poor's	BB/ Позитивті	10 283 890	-
Барлығы			35 625 507	649 374

Қоғам бос ақша қаражаттарын 2025 жылы жылдық 17,25-17,6% сыйақы мөлшерлемесімен «Овернайт» (бір түнге) депозиттерге орналастырады. 2025 және 2024 жылдары Қоғам сыйақы нысанында кіріс алды (33-қосымша).

5. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Әділ құн арқылы пайда немесе залал бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері	-	30 174 631
Орталық банктің орталық депозитарийі (РЕПО операциялары):		
- 30.12.2024 жылғы мәміле (МЕУКАМ) 29.01.2025 дейін	-	29 175 451
- 30.12.2024 жылғы мәміле (МЕУКАМ) 13.01.2025 дейін	-	999 180
РЕПО операциялары бойынша алынатын қысқа мерзімді сыйақылар	-	12 247
ОВЕРНАЙТ операциялары бойынша алынатын қысқа мерзімді сыйақылар	24 760	-
Облигациялар бойынша алынатын қысқа мерзімді сыйақылар	103	103
Өзге қысқа мерзімді қаржы активтері	-	1 532
Барлығы	24 863	30 188 513

Қоғам Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына ақша қаражаттарын орналастыруды жүзеге асыру үшін «Teniz Capital Investment Banking» акционерлік қоғамы ашқан брокерлік шотқа Қазақстан қор биржасында МБҚ себетімен автоматты РЕПО операциялары бойынша мәмілелер ашу үшін 2024 жылы 27 500 000 мың теңге сомасын және 2025 жылы 1 000 000 мың теңге сомасын аударды. Қоғам сыйақы нысанында кіріс алды (33-қосымша).

6. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (KazSat-2)	149 479	229 135
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (KazSat-3)	801 788	706 991
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (өзге және технологиялық байланысты)	36 100	60 803
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (КҚҚ ІЖ Starlink)	2 193	6 041
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (АЕМ КҚҚ)	41 591	-
Төленген жалақы бойынша берешек	3 983	3 131
Қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша қысқа мерзімді берешек (нетто)	2 277	2 678
Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (жалдау, байланыс және т.б.)	230	282
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	430 379	424 710
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек (банктік қамтамасыз етулер, кепілдіктер, МСҚ электрондық әмияны)	165 882	112 821
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан залалдар бойынша бағалау резерві	(57 566)	(19 571)
Барлығы	1 576 336	1 527 021

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің (KazSat-2) жіктелімі:

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Казтелерадио	54 251	54 251
ASTEL (АСТЕЛ)	34 250	34 250
Национальные информационные технологии	19 889	34 749
AsiaNETCOM	13 420	38 049
Дивизион по корпоративному бизнесу-филиал АО "Казхателеком"	11 661	17 740
Транстелеком	10 733	15 966
KEGOC	5 275	5 275
ТОО КАР-ТЕЛ	-	28 855
Барлығы	149 479	229 135

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің (KazSat-3) жіктелімі:

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
TELSERVICE LTD	236 011	128 005
Казтелерадио	134 563	134 563
ASTEL (АСТЕЛ)	129 601	127 517
ТелСервис ЛТД Азия	94 739	86 200
Алма-ТК	82 147	82 147
КАР-ТЕЛ ТОО	54 873	22 964
Дивизион по корпоративному бизнесу-филиал АО "Казхателеком"	30 446	54 663
Национальные информационные технологии	26 480	26 480
АО "Jusan Mobile" (KazTransCom)	10 712	26 827
ООО Исател	2 216	770
AsiaNETCOM	-	16 855
Барлығы	801 788	706 991

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің (өзге және технологиялық байланысты) жіктелуі:

<i>(мың теңгемен)</i>	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Частная компания Qne Web Kazakhstan LTD	25 530	51 061
ASTEL (АСТЕЛ)	3 548	3 468
Алма-ТК	2 137	2 137
TELSERVICE LTD	1 927	1 828
Национальные информационные технологии	1 882	1 882
АО "Jusan Mobile" (KazTransCom)	484	427
Алонстелефонстрой	333	-
TOO "SpaceLab"	226	-
Кселл	33	-
Барлығы	36 100	60 803

Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектің жіктелуі:

<i>(мың теңгемен)</i>	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Ергожин Алтай Уралтаевич	363 324	-
Частная компания Qne Web Kazakhstan LTD	22 722	-
TELSERVICE LTD	22 275	-
ТелСервис ЛТД Азия	18 755	5 323
Транстелеком	2 991	117
Центр электронных финансов АО	230	192
АО "СК-РП "Байгирек"	82	2
AsiaNETCOM	-	331
TOO Nur-Sultan Trade	-	144 071
TOO RhinoLogistic	-	274 666
АО "Jusan Mobile" (KazTransCom)	-	8
Барлығы	430 379	424 710

2025 жылы қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан залалдар бойынша бағалау резерві, оның ішінде:

<i>(мың теңгемен)</i>	31.12.2025ж	31.12.2024ж
ТелСервис ЛТД Азия	16 748	1 920
TELSERVICE LTD	40 818	-
AsiaNETCOM	-	17 502
НАО "Государственная корпорация «Правительство для граждан»	-	127
6205 УГД по Есильскому району г.Астана	-	22
Барлығы	(57 566)	(19 571)

Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан залалдар бойынша бағалау резервінің қозғалысы:

<i>мың теңгемен</i>	2025 жыл	2024 жыл
1 қаңтардағы	(19 571)	(8 273)
Резерв есептелді	(57 566)	(11 298)
Резерв есептен шығарылды және қайта жіктелді	19 572	-
31 желтоқсандағы	(57 566)	(19 571)

7. АҒЫМДАҒЫ ТАБЫС САЛЫҒЫ

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Корпоративтік табыс салығы	1 325 921	180 607
Барлығы	1 325 921	180 607

8. ҚОРЛАР

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Шикізат пен материалдар, оның ішінде:	84 763	104 555
- Отын	16 124	16 750
- Қосалқы бөлшектер	24 015	30 972
- Өзге материалдар	44 624	56 833
Қорлардың құнсыздануынан залалдар бойынша бағалау резерві	(51 253)	(61 966)
Барлығы	33 510	42 589

Қорлардың құнсыздануынан залалдар бойынша бағалау резервінің қозғалысы:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
1 қаңтардағы	(61 966)	(48 447)
Резерв есептелді	(6 637)	(20 826)
Резерв есептен шығарылды	17 350	7 307
31 желтоқсандағы	(51 253)	(61 966)

Шығыстар ретінде танылған қорлардың құны:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Өзіндік құнға есептен шығарылды	47 246	42 242
Өткізу жөніндегі шығыстарға есептен шығарылды	61	124
Әкімшілік шығыстарға есептен шығарылды	2 245	6 753
Өзге шығыстарға есептен шығарылды	13 387	11 407
31 желтоқсанға	62 939	60 526

9. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

(мың теңгемен)	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Берілген қысқа мерзімді аванстар	100 824	421 746
Келешек кезендердің шығыстары	472 753	510 524
Өзге қысқа мерзімді активтер	13 216	14 841
Ағымдағы салықтық активтер, оның ішінде:	60 582	52 430
Қосылған құн салығын өтеуге жататын		
Қосылған құн салығы (есепке алуға кейінге қалдырылған қабылдау)	653	1 793
Резидент емес үшін ҚҚС және есепке жатқызылмайтын	-	6 740
Жеке табыс салығы	2 234	10 769
Әлеуметтік салық	846	14 813
Мүлік салығы	37 168	16 938
Жер салығы	605	492
Жергілікті бюджетке есептелетін мемлекеттік баж	18 341	22

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік

Өзге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	735	863
Барлығы	647 375	999 541

10. ӘДІЛ ҚҰН АРҚЫЛЫ ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

<i>(мың теңгемен)</i>	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Корпоративная облигация АО "Цеснабанк" (НИН KZP01Y10F951)	241 811	221 809
Барлығы	241 811	221 809

Әділ (келтірілген) құнды есептеу кезінде тану сәтіндегі қайта қаржыландыру мөлшерлемесі қолданылды. Купондық облигацияның номиналды құны 486 907 дана мөлшерінде 1000 теңгені құрады, купондық мөлшерлеме 0,1%.

11. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>(мың теңгемен)</i>	31.12.2025ж	31.12.2024ж
Қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша ұзақ мерзімді берешек (нетто)	19 088	21 365
Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	1 590 699	1 590 788
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша күдікті талаптар резерві	(1 590 699)	(1 590 788)
Барлығы	23 823	21 365

Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің жіктелімі:

<i>(мың теңгемен)</i>	31.12.2025ж	31.12.2024ж
АО «Банк Астаны»	1 028 224	1 028 224
АО «Казинвестбанк»	526 597	526 597
АО ДБ «Альфа банк» (правопреемник БЦК)	35 729	35 967
НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (социальные отчисления)	127	-
УГД по Есильскому району г. Астана	22	-
Барлығы	1 590 699	1 590 788

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 26.11.2018 жылғы заңды күшіне 09.01.2019 жылы енген шешімімен «Астана Банкі» АҚ-ға қатысты тарату өндірісі қозғалды, ағымдағы банк шотындағы ақша қаражаттары дебиторлық берешекке қайта жіктелді. 2025 жылы берешек өтелмеді.

